

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАУЛЫСЫ

2016 жылғы 31 тамыз

Алматы қаласы



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВЛЕНИЯ

№ 203

город Алматы

**Экономика секторларының және
төлемдер белгілеу кодтарын
қолдану қағидаларын бекіту
туралы**

Қазақстан Республикасының Әділет
министрлігінде 2016 жылғы 25 қазанда
№ 14365 тіркелген

(2019.27.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес, экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану бойынша талаптарды белгілеу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Төлем жүйелері департаменті (Ашықбеков Е.Т.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының

Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ғ.О. Пірматовқа жүктелсін.

6. Осы қаулы ресми [жариялануға](#) тиіс және 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қағидаларға [2-қосымша](#) болып табылатын Төлемдер белгілеу кодтары жан-жақты кестесінің төлемдер белгілеу кодтары 014, 031, 089, 090, 093, 098 және 099 операцияларының атаулары тоқтатыла тұрған кезеңде мынадай редакцияда қолданылатыны белгілене отырып, тиісті төлемдер белгілеу кодтары бар көрсетілген операциялар атауларының қолданылуы 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын:

- «014 Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен судьяның ай сайынғы табысы сомасынан «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамына міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы аудармағаны үшін өсімпұл
- 031 Банктің жаңылысып төлеген төлемдерін қайтаруы, оралмандарға біржолғы төлемдерді қайтару, банкроттық салдарынан таратылған және қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірген зиян үшін жауапты болып танылған заңды тұлғалардың бұрынғы қызметкерлеріне ай сайынғы төлемдерді қайтару
- 089 Тұрғылықты жері белгісіз бұрынғы қызметкерлер бойынша міндетті зейнетақы жарналары
- 090 Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарға мемлекеттік біржолғы ақшалай өтемақы
- 093 Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарға мемлекеттік біржолғы ақшалай өтемақыны қайтару
- 098 Тұрғылықты жері белгісіз бұрынғы қызметкерлер бойынша міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы аудармағаны үшін өсімпұл
- 099 Басқа да төлемдер
- 099 Оралмандарға біржолғы төлемдер
- 099 Банкроттық салдарынан таратылған және қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірген зиян үшін жауапты болып танылған заңды тұлғалардың бұрынғы қызметкерлеріне ай сайынғы төлемдер
- 099 Осы бөлімде ескерілмеген өзге басқа да төлемдер (жәрдемақылар)».

Қағидаларға 2-қосымша болып табылатын Төлемдер белгілеу кодтары жан-жақты кестесінің төлем белгілеу коды [021](#) операцияның атауы 2016 жылғы 11 сәуірден бастап туындаған қатынастарға қолданылатыны белгіленсін.

Ұлттық Банк Төрағасы

Д. Ақышев

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2016 жылғы 31 тамыздағы
№ 203 [қаулысына](#)
қосымша

**Күші жойылды деп танылған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
Басқармасының кейбір қаулыларының, сондай-ақ
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының
құрылымдық элементтерінің тізбесі**

1. «Экономика секторларының кодтарын қолдану мен төлемдер тағайындау және соларға сәйкес төлемдер бойынша мәліметтер ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы № 388 [қаулысы](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1011 тіркелген).

2. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін қолдану ережесін бекіту туралы» 1999 жылғы 15 қарашадағы № 388 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 16 мамырдағы № 195 [қаулысы](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1149 тіркелген).

3. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы № 388 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін қолдану ережесіне өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 30 қазандағы № 405 [қаулысы](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1319 тіркелген).

4. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін қолдану ережесін бекіту туралы» 1999 жылғы 15 қарашадағы № 388 қаулысына өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 16 ақпандағы № 49 [қаулысы](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1809 тіркелген, 2002 жылы Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде № 19, 607-құжат жарияланған).

5. «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 1011 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін қолдану ережесін бекіту туралы» 1999 жылғы 15 қарашадағы № 388 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі № 125 [қаулысы](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2332 тіркелген).

6. «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 1011 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін қолдану ережесін бекіту туралы» 1999 жылғы 15 қарашадағы № 388 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 12 ақпандағы № 18 [қаулысы](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2757 тіркелген, 2004 жылғы 2 сәуірде «Егемен Қазақстан» газетінде № 77-78 (23716) жарияланған).

7. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін

қолдану ережесін бекіту туралы» 1999 жылғы 15 қарашадағы № 388 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 13 мамырдағы № 58 [қаулысы](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3689 тіркелген, 2005 жылы Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде № 16,121-күжат жарияланған).

8. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін қолдану ережесін бекіту туралы» 1999 жылғы 15 қарашадағы № 388 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 12 тамыздағы № 81 [қаулысы](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4405 тіркелген, 2006 жылғы 18 қазанда «Заң газеті» газетінде № 184 (990) жарияланған).

9. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2009 жылғы 24 тамыздағы № 85 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5806 тіркелген, 2009 жылғы 30 қазанда «Заң газеті» газетінде № 165 (1589) жарияланған) қосымша болып табылатын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін қаулылары тізбесінің [2-тармағы](#).

10. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына төлемдер жөнінде мәліметтер беру мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қолма-қол жасалмайтын төлемдер мен ақша аударымдары тәсілдері бойынша төлем айналымын бөлу жөнінде есеп жасау және ұсыну мәселелері бойынша кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2010 жылғы 27 қыркүйектегі № 78 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6607 тіркелген, 2010 жылғы 30 қарашада «Егемен Қазақстан» газетінде № 506-512 (26355) жарияланған) [1-тармағы](#).

11. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін қолдану және төлемдер бойынша төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісі бөлігінде мәліметтер беру ережесін бекіту туралы» 1999 жылғы 15 қарашадағы № 388 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 267 [қаулысы](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7949 тіркелген, 2012 жылғы 6 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» газетінде № 802-806 (27877) жарияланған).

12. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану және төлемдер бойынша оларға сәйкес мәліметтер ұсыну қағидаларын бекіту туралы» 1999 жылғы 15 қарашадағы № 388 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 11 желтоқсандағы № 271 [қаулысы](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9095 тіркелген, 2014 жылғы 7 ақпанда «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

13. «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 25 ақпандағы № 28 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеу тізілімінде № 10715 тіркелген, 2015 жылғы 6 мамырда «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) қосымша болып табылатын Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілері тізбесінің [1-тармағы](#).

14. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне төлемдер мен ақша аударымдары және банк шоттарын жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 8 мамырдағы № 72 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11163 тіркелген, 2015 жылғы 2 маусымда «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлемдер мен ақша аударымдары және банк шоттарын жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілері тізбесінің [1-тармағы](#).

15. «Экономика секторларының кодтарын қолдану мен төлемдер тағайындау және соларға сәйкес төлемдер бойынша мәліметтер ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы № 388 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 260 [қаулысы](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13175 тіркелген, 2016 жылғы 31 наурызда «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидалары

1. Осы Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі (бұдан әрі - Төлемдер және төлем жүйелері туралы заң) Қазақстан Республикасының [заңдарына](#) сәйкес әзірленген және экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану тәртібін, сондай-ақ төлемдердің кодын қою жүйесін белгілейді.

2. Қағидаларда «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының [Заңында](#), Төлемдер және төлем жүйелері туралы [заңда](#) көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) валюта және қорлар коды (бұдан әрі - валюта коды) - «Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар» ҚР ҰЖ 07 ISO 4217-2012 Қазақстан Республикасының [ұлттық жіктеушісіне](#) сәйкес белгіленген валюталар мен қорларды көрсетуге арналған үш мәнді алфавиттік код;

2) төлем белгілеу коды - төлем белгілеудің үш мәнді цифрлық код белгісі.

3. Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану тәртібі төлем құжаттарында, қолма-қол ақшаны қабылдау және беруге арналған кассалық құжаттарда, электрондық терминал арқылы қолма-қол ақшаны енгізу арқылы банк шотын ашпай, төлемдерді және ақша аударымын жүзеге асырған кезде ақша жөнелтушіге берілетін чектерде, банкоматтар не өзге де электрондық терминалдар арқылы салық немесе бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдерді жүргізген кезде төлем карточкаларын ұстаушыларға берілетін сауда чектерінде (бұдан әрі - төлем құжаттары) пайдаланылады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2018.29.11. № 302 [Қаулысымен](#) 4-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

4. Қағидаларда белгіленген экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану тәртібі:

1) төлем құжаттарын қағаз тасымалдағышта ресімдеген кезде және төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырған кезде электрондық құжаттармен алмасу кезінде;

2) Қазақстан Республикасының аумағында бастама жасалған, ел ішінде жүргізілетін, шет елге жөнелтілетін банк ішіндегі және банкаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырған кезде қолданылады.

Шет елден келіп түсетін төлем және (немесе) ақша аударымы бойынша төлем құжаттарында қойылған экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтары болмаған кезде Қазақстан Республикасының резиденті-банк банктің ақпараттық жүйелерінде төлем және (немесе) ақша аударымы бойынша алынған құжаттар негізінде экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын өздігінен қойып шығады.

Мезеттік төлемдер жүйесі арқылы кіріс төлемі және (немесе) ақша аударымы бойынша бенефициар банкі бенефициардың экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын банктің ақпараттық жүйесінде бенефициар туралы мәлімет негізінде қояды.

5. Төлемдердің кодын қою жүйесі төлемдер және (немесе) ақша аударымдары ағынының айқындылығын және талдауын қамтамасыз ету үшін пайдаланылады.

Төлемдердің кодын қою цифрлық және әріптік символдар арқылы жүзеге асырылады. Төлемдердің кодын қою жүйесі мынадай:

I, II, III, IV, V, VI, VII, VIII, IX, X, мұндағы:

I - ақша жөнелтушінің резиденттік белгісі;

II - ақша жөнелтушінің экономика секторы;

III - бенефициардың резиденттік белгісі;

IV - бенефициардың экономика секторы;

V, VI, VII - валюта коды;

VIII - операцияның түрі;

IX - төлем сипаты;

X - төлемді толық көрсету.

I және II символдар арқылы ақша жөнелтушінің коды жасалады (АЖК).

III және IV символдар арқылы бенефициардың коды жасалады (БЕК).

VIII, IX, X символдар арқылы төлем белгілеу коды жасалады.

6. Резиденттік белгісі «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының [Заңына](#) сәйкес анықталады және мынадай тәртіппен қойылады:

«1» - резидент;

«2» - бейрезидент.

7. Экономика секторы Қағидаларға [1-қосымшаға](#) сәйкес экономика секторларының кодтарына сәйкес көрсетіледі.

8. Төлем белгілеу коды Қағидаларға [2-қосымшаға](#) сәйкес Төлемдер белгілеу кодтарының жан-жақты кестесіне сәйкес көрсетіледі.

9. Төлем құжаттарында ақша жөнелтушінің коды, бенефициардың коды, төлем белгілеу коды, валюта коды арнайы бөлінген жолдарда қойылады.

10. Ақша жөнелтуші төлем құжатының «Төлемді тағайындау»/«Төлемнің атауы» бағандарында ол бойынша төлем және (немесе) ақша аударымы жүзеге асырылатын нақты операциясының мазмұнын көрсетеді, тиісті құжат негізінде төлем және (немесе) ақша аударымы жүзеге асырылған жағдайда оның деректемелері көрсетіледі.

Бағалы қағаздармен операциялар жүргізу кезінде ақша жөнелтуші төлем құжатының «Төлемді тағайындау» бағанында егер оның төлем валютасынан айырмашылығы болса, бағалы қағаздар шығарылған валютаны да көрсетеді.

11. Операция түрінің тақырыбы немесе төлем сипаты болып табылатын төлем белгілеу коды, егер оның одан әрі жан-жақты көрсетілуі болса, онда қоюға жол берілмейді.

Экономика секторларының және төлемдер
 белгілеу кодтарын қолдану [қағидаларына](#)
 1-қосымша

Экономика секторларының кодтары

Экономика секторының коды	Институционалдық бірліктің атауы
Мемлекеттік басқару органдары секторы	
1	Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Шет мемлекеттің Үкіметі
2	Өңірлік және жергілікті басқару органдары
Қаржы ұйымдары секторы	
3	Орталық (ұлттық) банк
4	Басқа депозиттік ұйымдар
5	Басқа қаржы ұйымдары
Қаржылық емес ұйымдар секторы	
6	Мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар
7	Мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар
Үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар секторы	
8	Үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық, емес ұйымдар
Үй шаруашылықтары секторы	
9	Үй шаруашылықтары

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2017.22.12. № 248 [Қаулысымен](#) ескерту жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#)); ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2018.27.08. № 182 [Қаулысымен](#) 1-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

1. Төлем құжаттарында пайдалану үшін институционалдық бірліктерді экономика секторларының кодтары бойынша бөлу Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17274 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 139 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі [нұсқаулыққа](#) сәйкес жүзеге асырылады.

2. Қаржылық қызметті жүргізетін халықаралық ұйымдар «Орталық (ұлттық) банк» экономика секторында ескеріледі, барлық өзге халықаралық ұйымдар «Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Шет мемлекеттің Үкіметі» экономика секторында есепке алынады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2018.27.08. № 182 Қаулысымен (бұр.ред.қара); 2018.29.11. № 302 Қаулысымен (бұр.ред.қара); 2019.30.03. № 44 Қаулысымен (2019 ж. 27 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 2-қосымша өзгертілді

Экономика секторларының және төлемдер
 белгілеу кодтарын қолдану қағидаларына
 2-қосымша

**Төлемдер белгілеу кодтарының жан-жақты
 кестесі**

Төлемдер белгілеу кодтары	Операциялардың атауы
0-бөлім «Зейнетақы төлемдері және жәрдемақылар»	
002	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің сомасынан, «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының оның активтері сомасынан түскен комиссиялық сыйақы
003	Инвестициялық шотқа аударым
004	Зейнетақы төлемдері шотына аударым
005	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша қате есепке алынған өсімпұл сомаларын қайтаруы
006	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқарушының комиссиялық сыйақысы
007	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық кірістен түскен комиссиялық сыйақысы
008	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша қате есепке алынған сомаларды қайтаруы
009	Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының уақтылы аударылмағаны үшін өсімпұл
010	Міндетті зейнетақы жарналары
011	014 төлем белгілеу коды бойынша зейнетақы төлемдерін қоспағанда, «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамынан немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдері
012	Әлеуметтік аударымдар
013	Ерікті зейнетақы жарналары

Код 014 операциясының атауы 2018 ж. 1 қаңтарға дейін тоқтатылды, тоқтатыла тұрған кезеңде көрсетілген операция 6-тармақтың редакциясында қолданылды

014	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамынан жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдері
015	Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары
016	Банктің қаржыландырылған зейнетақы қаражатын және базалық зейнетақы төлемдерін қайтаруы
017	Әлеуметтік аударымдарды уақтылы аудармағаны үшін өсімпұл
018	Инвестициялық кіріс,

	оның ішінде:
	«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының инвестициялық қызметінен алынған инвестициялық кіріс
019	Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы аудармағаны үшін өсімпұл
020	Зейнетақылардан және жәрдемақылардан сомаларды ұстау, зейнетақылардан және жәрдемақылардан ұстап қалу сомаларын қайтару

Код 021 операцияның атауы 2016 ж. 11 сәуірден бастап туындаған қатынастарға қолданылды

021	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының қате есептелген төлемдерді қайтаруы
022	Бала тууына байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақылар
023	Бала тууына байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақыларды қайтару
024	Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары арасында аудару
025	2016 жылғы 1 қаңтарға дейін әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді қоспағанда), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдар, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған тұлғалардың пайдасына бюджет қаражат есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналары сомасынан елу пайызды қайтару
026	«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды қайтаруы
027	Еңбек қабілетін жоғалтқан жағдайда «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының қаражатынан төленетін әлеуметтік төлем
028	Еңбек қабілетін жоғалтқан жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдер сомаларын қайтару
029	Жергілікті бюджеттерден трансферттер
030	Республикалық бюджеттен трансферттер,
	оның ішінде:
	Зейнетақы төлемдерін алушыларға мемлекет кепілдіктерінің сомаларын міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамында нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мөлшерінде сақталуы бойынша инфляция деңгейін ескере отырып төлеу
	Бір жасқа толғанға дейін бала күтіп-бағуға байланысты табысты жоғалтқан жағдайда міндетті зейнетақы жарналарын әлеуметтік төлемдерді алушыларға «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамынан субсидиялау
	Бір жасқа толғанға дейін бала күтіп-бағуға байланысты табысты жоғалтқан жағдайда жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын әлеуметтік төлемдерді алушыларға «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамынан субсидиялау

Код 031 операциясының атауы 2018 ж. 1 қаңтарға дейін тоқтатылды, тоқтатыла тұрған кезеңде көрсетілген операция 6-тармақтың редакциясында қолданылды

031	Банктің қате төлемдерді, басқа да төлемдерді қайтаруы
	басқа да төлемдерге мыналар жатады:

	Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарға мемлекеттік біржолғы ақшалай өтемақыны қайтару
	оралмандарға бір жолғы төлемдерді қайтару
	банкроттық салдарынан таратылған және қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірген зиян үшін жауапты болып танылған заңды тұлғалардың бұрынғы қызметкерлеріне ай сайынғы төлемдерді қайтару
	мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті қайтару
	тұрғын үй көмегін қайтару
	бала кезінен бірінші топтағы мүгедектің күтіміне байланысты тағайындалатын ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыны қайтару
032	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының міндетті зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары бойынша қате есепке алынған сомаларды қайтаруы
033	Зейнетақылар
034	Мүгедектігі бойынша мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақылар
035	Мүгедектігі бойынша мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды қайтару
036	Асыраушысынан айрылған жағдай бойынша мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақылар
037	Асыраушысынан айрылған жағдай бойынша мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды қайтару
038	Жасына байланысты мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақылар
039	Жасына байланысты мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды қайтару
040	Зейнеткерлерді, Ұлы Отан соғысына қатысушыларды және мүгедектерді жерлеуге арналған жәрдемақылар, жасына байланысты зейнетақы төлемдері алушыларды, «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамынан төлемдерді алушыларды, «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамында зейнетақы жинақтары бар өзге тұлғаларды жерлеуге арналған біржолғы төлемдер
041	Зейнеткерлерді, Ұлы Отан соғысына қатысушыларды және мүгедектерді жерлеуге арналған жәрдемақыларды, жасына байланысты зейнетақы төлемдері алушыларды, «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамынан төлемдерді алушыларды, «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамында зейнетақы жинақтары бар өзге тұлғаларды жерлеуге арналған біржолғы төлемдерді қайтару
042	Жер асты және ашық тау-кен жұмысында, аса зиянды жұмыста және өте ауыр жұмыс жағдайларында жұмыс істеген, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мен мемлекеттік арнайы жәрдемақылар алушыларды жерлеуге арналған жәрдемақылар
043	Жер асты және ашық тау-кен жұмысында, аса зиянды жұмыста және өте ауыр жұмыс жағдайларында жұмыс істеген, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мен мемлекеттік арнайы жәрдемақылар алушыларды жерлеуге арналған жәрдемақыларды қайтару
044	Мемлекеттік арнайы жәрдемақылар төлеу
045	Мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды қайтару
046	Асыраушысынан айрылған жағдайда «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының қаражатынан төленетін әлеуметтік төлемдер
047	Асыраушысынан айрылған жағдайға арналған әлеуметтік төлемдер сомаларын қайтару

048	Жұмысын жоғалтқан жағдайда «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының қаражатынан төленетін әлеуметтік төлемдер
049	Жұмысын жоғалтқан жағдайға арналған әлеуметтік төлемдер сомаларын қайтару
	050-топ «Арнайы мемлекеттік жәрдемақылар»
051	Ұлы Отан соғысының қатысушыларына
052	Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне
053	Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген тұлғаларға
054	Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген тұлғаларға
055	Ұлы Отан соғысында қайтыс болған әскерлердің жесірлеріне
056	Қайтыс болған әскери қызметшілер мен ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасыларына
057	Қайтыс болған соғыс мүгедектері мен соғысқа қатысушылардың әйелдеріне (ерлеріне)
058	Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тылдағы қайсар еңбегі мен мінсіз қызметі үшін ордендермен және медальдармен марапатталған тұлғаларға
059	Анасына немесе әкесіне, асырап алушыға, мүгедек баланы тәрбиелейтін қорғаншыға (қамқоршыға) жәрдемақылар
	060-топ «Арнайы мемлекеттік жәрдемақыларды қайтару»
061	Ұлы Отан соғысының қатысушылары бойынша
062	Ұлы Отан соғысының мүгедектері бойынша
063	Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген тұлғалар бойынша
064	Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар бойынша
065	Ұлы Отан соғысында қайтыс болғандардың жесірлері бойынша
066	Қайтыс болған әскери қызметшілердің және ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасылары бойынша
067	Қайтыс болған соғыс мүгедектері мен соғысқа қатысушылардың әйелдері (ерлері) бойынша
068	Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тылдағы қайсар еңбегі мен мінсіз қызметі үшін ордендермен және медальдармен марапатталған тұлғалар бойынша
069	Анасына немесе әкесіне, баланы (қызды) асырап алушыға, мүгедек баланы тәрбиелейтін қорғаншыға (қамқоршыға) жәрдемақыны қайтару
	070-топ «Азаматтардың басқа санаттарына төленетін арнайы мемлекеттік жәрдемақылар»
071	1 және 2-топтағы мүгедектерге
072	3-топтағы мүгедектерге
073	16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға
074	Көп балалы аналарға
075	Ақталған азаматтарға
076	Қазақстан Республикасының алдында ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған тұлғаларға
077	Басқалары
078	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының аударым сомаларын қайтаруы
	080-топ «Азаматтардың басқа санаттарына арнайы мемлекеттік жәрдемақыларды қайтару»
081	1 және 2-топтағы мүгедектер бойынша

082	3-топтағы мүгедектер бойынша
083	16 жасқа дейінгі мүгедек балалар бойынша
084	Көп балалы аналар бойынша
085	Ақталған азаматтар бойынша
086	Қазақстан Республикасының алдында ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған тұлғалар бойынша
087	Басқалар бойынша
088	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының зейнетақы жинақтары бойынша кредиторлық берешегін өтеу

Код 089 операциясының атауы 2018 ж. 1 қаңтарға дейін тоқтатылды, тоқтатыла тұрған кезеңде көрсетілген операция 6-тармақтың редакциясында қолданылды

089	Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары
-----	--

Код 090 операциясының атауы 2018 ж. 1 қаңтарға дейін тоқтатылды, тоқтатыла тұрған кезеңде көрсетілген операция 6-тармақтың редакциясында қолданылды

090	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша қате есептелген сомаларын қайтаруы
091	Баланың бір жасқа дейінгі күтімі бойынша мемлекеттік жәрдемақылар, «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының қаражатынан баланың бір жасқа толғанға дейінгі бала күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдер
092	Баланың бір жасқа дейінгі күтімі бойынша мемлекеттік жәрдемақылары, «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының қаражатынан баланың бір жасқа толғанға дейінгі бала күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерді қайтару

Код 093 операциясының атауы 2018 ж. 1 қаңтарға дейін тоқтатылды, тоқтатыла тұрған кезеңде көрсетілген операция 6-тармақтың редакциясында қолданылды

093	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы аудармағаны үшін өсімпұл сомасын қайтаруы
094	«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының әлеуметтік аударымдарды уақтылы аудармағаны үшін қате есептелген өсімпұл сомаларын қайтаруы
095	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы аудармағаны үшін қате есептелген өсімпұл сомаларын қайтаруы
096	«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының қаражатынан жүктілігі және босануына, жаңа туған нәрестені (балаларды) асырап алуына байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдер
097	«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының қаражатынан жүктілігі және босануына, жаңа туған нәрестені (балаларды) асырап алуына байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерді қайтару

Код 098 операциясының атауы 2018 ж. 1 қаңтарға дейін тоқтатылды, тоқтатыла тұрған кезеңде көрсетілген операция 6-тармақтың редакциясында қолданылды

098	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамына жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы аудармағаны үшін өсімпұл
-----	--

Код 099 операциясының атауы 2018 ж. 1 қаңтарға дейін тоқтатылды, тоқтатыла тұрған кезеңде көрсетілген операция 6-тармақтың редакциясында қолданылды

099	0-бөлім бойынша басқа төлемдер,
	оның ішінде:
	Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарға мемлекеттік біржолғы ақшалай өтемақы
	оралмандарға төленетін бір жолғы төлемдер
	банкроттық салдарынан таратылған және қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірген зиян үшін жауапты болып танылған заңды тұлғалардың бұрынғы қызметкерлеріне ай сайынғы төлемдер
	мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмектің мақсаты
	тұрғын үй көмегінің мақсаты
	бала кезінен бірінші топтағы мүгедектің күтіміне байланысты тағайындалатын ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыны
	осы бөлімде ескерілмеген басқа да төлемдер (жәрдемақылар)
1-бөлім «Арнайы аударымдар»	
	110-топ «Өтеусіз аударымдар»
111	Емделуге арналған ақша аударымдары,
	оның ішінде:
	емделуге ақы төлеу үшін қайтарымсыз қаржылық (материалдық, демеушілік) көмек
	бенефициар медициналық қызметтерді жеткізуші болып табылмаған жағдайда, бенефициардың емдеуге ақы төлеуге арналған ақшаны одан әрі пайдалануы үшін жеке тұлғалардың ақша аударымдары (оның ішінде банк шотын ашпай)
112	Білім беруге арналған ақша аударымдары,
	оның ішінде:
	оқытуға ақы төлеу үшін қайтарымсыз қаржылық (материалдық, демеушілік) көмек
	бенефициар білім беру қызметтерін жеткізуші болып табылмаған жағдайда, бенефициардың оқытуға ақы төлеуге арналған ақшаны одан әрі пайдалануы үшін жеке тұлғалардың ақша аударымдары (оның ішінде банк шотын ашпай)
118	Алименттер
119	Басқа да өтеусіз ақша аударымдары,
	оның ішінде:
	басқа да мақсаттар (емделу мен оқытудан басқа) үшін қайтарымсыз қаржылық (материалдық, демеушілік) көмек
	бенефициардың басқа да мақсаттар (емделу мен оқытудан басқа) үшін ақшаны одан әрі пайдалануы үшін жеке тұлғалардың ақша аударымдары (оның ішінде банк шотын ашпай)
	зиянды өтеу, оның ішінде сот шешімі бойынша
	гранттар (оның ішінде тендер бойынша жеңіп алынғандар)
	аккредитив, кепілдік шарты, қарыз, басқа да шарт немесе келісімшарт бойынша (міндеттемелер бойынша бюджетке төленетін айыппұлдар мен өсімпұлдан басқа) міндеттемелерді орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл)
	әр түрлі сипаттағы өтеусіз ақша аударымдары: қайырымдылық, сыйға тарту, сатылған лотерея билеттері және олар бойынша ұтыстар, мұрагерлік тәртібімен өтетін ақша қаражаттарын аудару

120	Мүшелік жарналар,
	оның ішінде:
	ұйымның капиталына қатысуды қамтамасыз етпейтін, бірақ ұйымның қандай да бір қызметті көрсетуін қамтамасыз ететін мүшелік жарна
	«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамына төленетін жарна
	биржадағы шетел валюталары, бағалы қағаздар бойынша сауда-саттыққа қатысуға арналған жарна
	қызметкерлердің жалақысынан ұсталған кәсіподақ жарналары
121	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар
122	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар
123	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды уақтылы аудармағаны үшін өсімпұл
124	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналарды уақтылы аудармағаны үшін өсімпұл
125	Медициналық сақтандыру қорының міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар бойынша қате есептелген сомаларды қайтаруы
126	Медициналық сақтандыру қорының міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар бойынша қате есептелген сомаларды қайтаруы
127	Медициналық сақтандыру қорының міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар бойынша қате есептелген өсімпұл сомаларын қайтаруы
128	Медициналық сақтандыру қорының міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар бойынша қате есептелген өсімпұл сомаларын қайтаруы
	130-топ «Филиалдар мен өкілдіктерді қаржыландыру және филиалдар мен өкілдіктердің қаражатты қайтаруы»
131	Бас ұйымның өзінің филиалдарын және өкілдіктерін, оның ішінде сатып алулардың барлық түрлері бойынша қаржыландыруы
132	Бас ұйымның филиалдары мен өкілдіктерінің ақша аударымдары (ақша қайтаруы)
140	Жол чектері бойынша операциялар,
	оның ішінде:
	резидент-банктің өз клиенттеріне банкке консигнация талаптарымен (клиенттің банкке консигнация талаптарымен келіп түскен жол чегін сатып алуы) келіп түскен жол чектерін сатуы
	резидент-банктің жол чектерінің эмитентіне сатылған жол чектері бойынша ақша сомасын аударуы
	резидент-банктің жол чектерінің эмитентіне банк кейіннен клиенттерге сату үшін сатып алған жол чектері сомасын төлеуі
	резидент-банктің өз клиенттеріне банкке алдын ала төлеу талаптарымен (клиенттің банкке алдын ала төлеу талаптарымен келіп түскен жол чегін, сатып алуы) келіп түскен жол чектерін сатуы
	резидент-банктің банк кассасында клиентке жол чегі бойынша ақша сомасын төлеуі
	жол чектері эмитентінің резидент-банкке сатылған жол чектері бойынша өтеу сомасын аударуы
	қосалқы агенттермен алдын ала шарт бойынша жол чектері бойынша операциялар

	қосалқы агенттермен консигнация шарты бойынша жол чектері бойынша операциялар
150	Банктердің корреспонденттік шоттары бойынша транзиттік аударымдар,
	оның ішінде:
	делдал банктің корреспонденттік шоттар бойынша бір банктен екінші банкке ақша аударуы
160	Нетто-позициялар бойынша есеп айырысу,
	оның ішінде:
	төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған, операцияларды есепке алу нәтижелері бойынша есеп айырысу ұйымына ақша аудару
	төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған, операцияларды есепке алу нәтижелері бойынша банктер арасында ақша аудару
	банктер арасындағы қарсы төлемдер клирингінің нәтижелері бойынша таза позициялар сомасын аудару
	170-топ «Конференцияға, аукционға, тендерге қатысу»
171	Кепілдік жарнасы,
	оның ішінде:
	конференцияға, аукционға, тендерге қатысу үшін жарна
	конкурсты ұйымдастырушыға конкурстық өтінімдерді және шарттың, оның ішінде мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету үшін конкурсқа қатысушы-әлеуетті жеткізушілердің ақша аударуы
172	Кепілдік жарнасын қайтару,
	оның ішінде:
	конференцияға, аукционға, тендерге қатысу үшін жарнаны қайтару
	конкурстық өтінімді қамтамасыз ету және шарттың, оның ішінде мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомаларын қайтару
	180-топ «Құжаттандырылған операциялар»
181	Аккредитив бойынша операция,
	оның ішінде:
	импортер-клиенттің шотынан аккредитив бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыруға орнын жабу шотына ақша аудару (жабу сомасы)
	клиенттің банк шотынан (аккредитив бойынша ақы төлеуді өтеу) «Құжаттандырылған операциялар бойынша дебиторлар» шотын өтеуі
	резидент банктің экспортер-клиенттің шотына ақша аударуы
182	Кепілдік бойынша операциялар,
	оның ішінде:
	кепілгер банктің клиент алдындағы кепілдік міндеттемелерін орындауы кезінде кепілгер-банкке борышкер банкінің (борышкердің) ақша аударуы
	кепілдік бойынша орнын жабу шотына борышкер клиенттің шотынан орнын жабу сомасын есептен шығару
	клиенттің банк шотынан (кепілдік бойынша ақы төлеуді өтеу) «Құжаттандырылған операциялар бойынша дебиторлар» шотын өтеуі
183	Бірыңғай жиынтық төлемі
184	Бірыңғай жиынтық төлемінің қате аударылған (есепке алынған) сомаларын қайтару
190	1-бөлім бойынша басқа да аударымдар,
	оның ішінде:
	1-бөлімнің төлемдері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының

	талаптарын бұза отырып ресімделген, төлем құжаттары бойынша ақша қайтаруды қоса алғанда, бұрын есепке алынбаған төлемдер
	1-бөлімнің төлемдері бойынша қате есептен шығарылған соманы қайтару
	төлем мақсаты сәйкестендірілмеген жағдайда, анықтағанға дейін шоттан сомаларды кері қайтару
	инкассалық өкімге қоса берілетін атқару құжатында төлем белгілеуін (мақсатын) анықтауға мүмкіндік беретін мәліметтер болмаған жағдайда инкассалық өкімнің негізінде берешекті өтеу бойынша аударымдар
191	Мезеттік төлемдер және (немесе) ақша аударымдары
2-бөлім «Шетел валютасымен және бағалы металдармен операциялар»	
	210-топ «Сатып алу»,
	оның ішінде:
	алдын ала ақыны қоса алғанда
211	Биржада теңгеге шетел валютасын сатып алу,
	оның ішінде:
	биржада шетел валютасын сатып алу-сату жөніндегі мәмілелердің неттингі бойынша операциялар
212	Монетарлық алтынды сатып алу
213	Биржадан тыс теңгеге шетел валютасын сатып алу,
	оның ішінде:
	қолма-қол емес шетел валютасына қолма-қол теңгені беру
	банктің қолма-қол емес шетел валютасымен ақы төлеу үшін клиенттің банк шотына теңгені есептеуі
	биржадан тыс шетел валютасын сатып алу-сату жөніндегі мәмілелердің неттингі бойынша операциялар
219	Басқа да бағалы металдарды сатып алу,
	оның ішінде:
	тазартылған алтынды және басқа бағалы металдарды сатып алу
	бағалы металдардың неттингі бойынша операциялар
	220-топ «Сату»
221	Биржада теңгеге шетел валютасын сату
222	Монетарлық алтынды сату
223	Биржадан тыс теңгеге шетел валютасын сату,
	оның ішінде:
	қолма-қол емес теңгеге қолма-қол шетел валютасын беру
	клиенттің өзінің банк шотынан теңгемен банкке қолма-қол емес шетел валютасын сатуы
229	Басқа да бағалы металдарды сату,
	оның ішінде:
	тазартылған алтынды және басқа бағалы металдарды сату
230	Шетел валюталарын айырбастау,
	оның ішінде:
	басқа шетел валютасына екінші шетел валютасын сатып алу (сату)
	басқа шетел валютасына бір шетел валютасын сатып алу-сату жөніндегі мәмілелердің неттингі бойынша операциялар
290	2-бөлім бойынша басқа да төлемдер,
	оның ішінде:

	2-бөлімнің төлемдері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұза отырып ресімделген, төлем құжаттары бойынша ақша қайтаруды қоса алғанда, бұрын есепке алынбаған төлемдер
	2-бөлімнің төлемдері бойынша қате есептен шығарылған соманы қайтару
	тазартылған бағалы металдардағы металл шоттар бойынша сыйақыны орналастыруға, өтеуге және есептеуге байланысты операциялар
3-бөлім «Салымдар (депозиттер)»	
	310-топ «Салымдарды (депозиттерді) орналастыру»,
	оның ішінде:
	банкаралық депозиттер
	қолма-қол ақша салу немесе клиент-салым иесінің өзге банк шоттарынан ақша аудару
311	Талап ету бойынша салымдарды (банктік салым шарты негізінде ашылған) орналастыру
312	Қысқамерзімді салымдарды (бір жылдан аспайтын) орналастыру
314	Ұзақмерзімді салымдарды (бір жылдан асатын) орналастыру
315	Банктің талап ету бойынша салым бойынша есептелген сыйақыны клиенттің банк шотына есептеуі
316	Банктің қысқамерзімді салым бойынша клиенттің банк шотына есептелген сыйақыны есептеуі
317	Банктің ұзақмерзімді салым бойынша клиенттің банк шотына есептелген сыйақыны есептеуі
318	Банктің клиенттің шартты салым бойынша банк шотына есептелген сыйақыны есептеуі
319	Шартты салымдарды орналастыру
	320-топ «Салымнан (депозиттен) алу»,
	оның ішінде:
	банкаралық депозиттерді
	қолма-қол ақшаны алу немесе кейіннен клиент-салым иесінің өзге банк шотына ақша аудару жолымен негізгі соманы және есептелген сыйақыны
321	Талап еткенге дейінгі бойынша салымнан (банктік салым шарты негізінде ашылған) алу
322	Қысқамерзімді салымнан (бір жылдан аспайтын) алу,
	оның ішінде:
	толық соманы төлеу және ішінара алу
	қысқамерзімді салым бойынша мерзімі өткен берешекті төлеу
324	Ұзақмерзімді салымнан (бір жылдан асатын) алу
	толық соманы төлеу және ішінара алу
	ұзақмерзімді салым бойынша мерзімі өткен берешекті төлеу
329	Шарпы салымнан ақша алу
	330-топ «Ағымдағы немесе корреспонденттік шотына ақша орналастыру»
331	Ағымдағы немесе корреспонденттік шотқа қолма-қол ақша салу
332	Заңды тұлғаның банкке осы заңды тұлға қызметкерлерінің банк шоттарына кейіннен есептеу үшін жалақыны, еңбек демалысының ақысын аударуы
333	Банктің клиенттің банк шотына ағымдағы немесе корреспонденттік шот бойынша есептелген сыйақыны есептеуі
334	Банктің клиенттің банк шотына қолма-қол валютамен ақы төлеу үшін қолма-қол емес ақшаны есептеуі,

	оның ішінде:
	қолма-қол шетел валютасымен ақы төлеу үшін қолма-қол емес шетел валютасын (оның ішінде комиссиялық сыйақыны ескере отырып)
	қолма-қол теңгемен ақы төлеу үшін қолма-қол емес теңгені (оның ішінде комиссиялық сыйақыны ескере отырып)
	340-топ «Ағымдағы немесе корреспонденттік шоттарынан ақша алу»
341	Ағымдағы немесе корреспонденттік шоттардан қолма-қол ақша алу,
	оның ішінде:
	бас банкте ашылған ағымдағы немесе корреспонденттік шоттан банк филиалында
342	Клиенттің банкте ашылған өзінің бір ағымдағы шотынан осы банкте ашылған өзінің басқа ағымдағы шотына ақша аудару
343	Клиенттің бір банктегі өзінің ағымдағы шотынан басқа банктегі өзінің ағымдағы шотына ақша аудару
344	Қолма-қол емес валютаға қолма-қол ақша беру (сату),
	оның ішінде:
	қолма-қол емес теңгеге қолма-қол теңгені
	қолма-қол емес шетел валютасына қолма-қол шетел валютасын
345	Клиенттің берілген қарыз сомасын ағымдағы немесе корреспонденттік шоттан қолма-қол алуы
346	Банктің чек бойынша ақша төлеуі
350	Банктің бір банктегі өзінің корреспонденттік шотынан жеке қаражатын басқа банктегі өзінің корреспонденттік шотына аударуы
	360-топ «Сенімгерлікпен басқарудағы ақша»
361	Сенімгерлікпен басқаруға ақша беру
362	Сенімгерлікпен басқаруға берілген ақшаны қайтару
390	3-бөлім бойынша басқа да төлемдер,
	оның ішінде:
	3-бөлімнің төлемдері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұза отырып ресімделген, төлем құжаттары бойынша ақша қайтаруды қоса алғанда, бұрын есепке алынбаған салымдар (депозиттер) бойынша төлемдер
	3-бөлімнің төлемдері бойынша қате есептен шығарылған соманы қайтару
4-бөлім «Қарыздар»	
	410-топ «Қарыздар беру»,
